



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. Международный пакт о гражданских и политических правах. Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года
4. Декларация о правах лиц, принадлежащих к национальным или этническим, религиозным и языковым меньшинствам* Принята резолюцией 47/135 Генеральной Ассамблеи от 18 декабря 1992 года
5. Лундские рекомендации об эффективном участии национальных меньшинств в общественно-политической жизни с пояснительными примечаниями. Сентябрь 1999 года.
6. Закон Республики Казахстан от 15 июля 2002 года № 344-ІІ «О политических партиях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2014 г.).
7. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния граждан Казахстана –главная цель государственной политики» (Астана, 6 февраля 2008 г.)
8. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ САЯСИ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ РӨЛІ

**Жанпейісова Қарғаш Далелханқызы,
Абдильдабеков Айбек**

Астана қаласы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Журналистика
және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының доценті, Журналистика және
саясаттану факультеті «Саясаттану» мамандығының 4-курс студенті

Әрбір мемлекеттің болашақты бағдар ететін идеологиясының болуы айқын. Себебі мемлекеттің саясаты, оның даму жолдары идеологияға негізделеді. Идеологияның қызметі – мемлекеттілікке демеуші, саяси құрылыстың қорғаушысы болу, ал идеологиясыз мемлекет болуы мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы»[1], – деген еді.

Бұл тұста «идея» (грек тілінде идея – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И.Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады».

Бірақ кеңес өкіметі кезінде, әсіресе 1980-ші жылдардан бастап, «идеология» деген сөздің өзі кейбір азаматтардың бойында жиереніш туғызып халық арасында оны салқын қабылдау күшейді.

Бұның себебі қазір түсінікті де, кеңестік жағдайда өз идеясын бүкіл халыққа күштеп міндеттеген қоғам емес, тіпті мемлекет те емес, ол демократияға негізделмеген биліктегі адамдардың шағын ғана тобы –коммунистік партия болатын. Бұл марксистік-лениндік деп аталған идеология қоғамдағы әртүрлілікке, көпшілікке қатаң тиым салды. Әрбір азамат тек қана бір идеологияны мойындауға мәжбүр болды. Қоғамда идеологиялық шоғырлану жүйесі орнатылды. Осындай жағдайда Кеңес Одағы азаматтарының «біз идеологияға тойдық» деген ойы осыдан туған.

Осы тұрғыдан қоғамда деидеологизация, яғни идеологиясыздандыру туралы ұсыныстар көбейді. Яғни, идеологиясыз мемлекет, идеологиясыз қоғам құру қажет деген түсінік қалыптасты. Бірақ біздің еліміздің жағдайында идеология қоғамдағы саяси ойды біртектендіру емес, мемлекетіміздің саяси бағытын анықтап, сол мақсатта жұмылып жұмыс атқару. Осы күнге дейін барлығын толғандырып жүрген «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай

болуы керек?». – деген сұрақ еді. Сондықтан, біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым». – деген «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясында елбасы сөзінде еліміздің басты мақсаты, ұлттық дамудың жолы екенін көрсетеді.

Ал, белгілі қоғам қайраткері М.Жолдасбеков «Біздің тарихтан да, Құраннан да білетініміз мәңгілік тек Аллаға тән. Алладан басқа жер бетінде, аспан астында мәңгі ештеңе болмайды. Бірақ бізге адаспай жүретін идеология керек. Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» деп ойлаймын. 2050 жылы біз «Мәңгі ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр» деген еді [2].

Әр мемлекеттің идеологиясындағы сүйенетін тұғыры тарих болатыны белгілі. Сондықтан тарихқа жүгінсек, Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған [3, 20-21 бб.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» — деген жолдар бар [4, 63 б.]. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді. Яғни, Мәңгілік ел идеясының тарихи негізі бұл идеяның елді топтстытырушы бір мақсатқа жұмылдырушы идеология ретіндегі рөлін көрсетеді.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні біздің мемлекеттік идеологиямыз арқылы Қазақстанда тұрақтылық, тыныштық, халықтардың бірлігі сақталып, алғашқы тәуелсіздік жылдарының ауыртпалықтарына қарамастан демократиялық бағыттағы экономикалық, әлеуметтік даму қамтамасыз етілуде.

Себебі, біздің елімізде халықтарды топтастыратын, тұтастыратын нәтижелі мемлекеттік идеология қалыптасты. Ең бастысы — Қазақстан Республикасы экономикалық құлдырауды тоқтатып, аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шығу жолын тапты, өтпелі экономика реформаларының «ең бір ауыр сатысынан» өтті. Бұл мемлекеттік ұлы істе идеологияның тікелей әсері бар екені ешбір күмән туғызбайды.

Мемлекет үшін идеология — әлеуметтік-саяси бағдарламалар мен мақсаттарды іске асырудағы басқару жүйесі. Идеология мемлекеттік саясатқа негіз болады.

Сонымен, «Мәңгілік ел» идеясы мемлекеттілікті демеуші жүйе. Ол елдің саяси құрылысының қорғаушысы, одақтасы, буыны, идеология — мемлекеттің сырқаттан сақтануының баламасы. Идеология басқа да принциптер мен нормалар сияқты саяси-

мемлекеттік құрылымды қолдау мен нығайту қызметін атқарады. Ол халық арасында толық қолдаушылық тауып, мемлекеттің өзінің заңды, легитимді яғни, демократиялық дамуына негіз болып отыр. Егер мемлекетті қалыптастырушы шын мәнінде халықтың өзі болатын болса, халық мемлекеттік идеологияны өз мақсатындай қабылдайды.

1.Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».

- Астана. – 2014ж. - 17 қаңтар. ҚазАқпарат

2.Мәңгілік ел және Марат Тажин //«Жебе» газеті, 30 қаңтар 2014 жыл

3.Бас редактор: Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, — Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. — 108 бет.

4.Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) — Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. — 144 бет.

УДК 32.019.5

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС : МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ибраев Ержан Ерсайынович

erzhan-83@mail.ru

Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана

«PR» (ағылш. Public relations – бұқарамен байланыс) ұғымы алғаш рет АҚШ-та пайда болды. Дәлірек айтқанда, 1807 жылы АҚШ-тың үшінші президенті Томас Джефферсон Конгреске жолдауында осы ұғымды қолданған болатын. Джефферсонның өзі бұқарамен байланысты саяси институттардың қызметіне деген халықтың сенімін қалыптастыру деп қарастырған болатын (1). Бұқарамен байланысқа қатысты берілген анықтамалардың саны қазіргі таңда 500-ден асып жығылады, бұл осы ұғымға тиісті ортақ пікірдің жоқтығын білдіреді.

PR – бұл сенім мен түсіністікті айқындай түсетін билік пен жалпы жұртшылық арасындағы байланыс ретінде түсінуге болады. Ол билік пен қоғам арасында байланысты арттырып, түсінбестіктің болуына жол бермейді. «Саясаттану» энциклопедиялық сөздігінде PR түсінігіне келесі анықтама берілген: «Қоғаммен байланыс – ұйымдардың арасында өзара түсіністікті қамтамасыз ететін, мемлекеттік және басқа да ұйымдардың мамандандырылған қызметтері. Паблик рилейшнз, мемлекеттік басқару қызметінің маңызды бөлігі, оған қоса басқарушы мен бағынушы ішкі жүйелерді құрайтын адамдар арасында түсіністікті және олардың қызмет ету үрдісін қамтамасыз етуге бағытталады»(2).

Қазіргі уақытта қоғамның өскелең демократиялануы жағдайында мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы олардың жұмыс істеуінің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік билік органдарының шешімдері туралы ақпараттарға деген азаматтардың қолжетімділік деңгейі, құқықтары мен бостандықтары сол қоғамның демократиялылығының дәрежесін білдіреді. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылатын коммуникациялық саясаттың, олардың бұқарамен байланыс құрылымдарының рөлі артуда. Олардың негізгі міндеттері мемлекеттік басқарудағы демократиялану үдерістеріне қатысу және азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал ету, мемлекеттік органдар қызметінің азаматтарға оңтайлы қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, мұндай PR-құрылымдар бұқарамен байланыс жүйесін қалыптастырып және оны қолдай отырып, мемлекеттік міндеттерді шешу үшін азаматтардың сындарлы, құрылымдық бастамаларының әлеуетін жұмылдыру функциясын да атқарады. Бұл мемлекеттік органдар, қоғамдастық пен БАҚ арасында әріптестік қатынастардың болмаған жағдайында сыртқы қауіптерге қарсы тұра алатын күшті мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру мүмкін емес екендігін білдіреді. Мұндай әріптестік